



Бекітілді
зерттеу кеңесінің шешімімен
(Хаттама № 5 31.03.2021 ж.)

ЕРЕЖЕ
ЕСЕНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АТАУЛЫ ШӘКІРТАҚЫЛАР МЕН
СЫЙЛЫҚАҚЫЛАР ТУРАЛЫ

Ақтау, 2021

МАЗМҰНЫ

1	МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	3
2	АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
3	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
4	ШӘКІРТАҚЫ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ СЫЙЛЫҚАҚЫ БЕРУГЕ ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	4
5	ҮМІТКЕРЛЕРДІ ІРІКТЕУ ТӘРТІБІ	4
6	ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ	4

1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Есенов университетінің атаулы шәкіртақылары мен сыйлықтары туралы ереже (бұдан әрі – ереже) университет құратын атаулы шәкіртақылар мен сыйлықтарды берудің негізі мен тәртібін белгілейді.

Осы Ереже мына негізде жасалынған:

- 1) "Білім туралы" 27.07.2007 жылғы Қазақстан Республикасының заңы (өзгерістермен және толықтырулармен);
- 2) "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының заңы 18.02. 2011 ж.;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.02.2008 жылғы № 116 қаулысымен бекітілген білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік шәкіртақыларды тағайындау, төлеу қағидалары және олардың мөлшерлерлемесі;
- 4) "Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті" КЕ АҚ жарғысы 04.06.2020 № 11933-1943;
- 5) Есенов университетінің ішкі нормативтік актілері.

2. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

GPA (Grade point average)	– Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average, оқушының жалпы үлгерімін көрсетеді
Университет, Университет Есенова	– "Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті" КЕ АҚ
Транскрипт	– студенттің үлгерім деңгейі туралы куәландыратын, өткен пәндер мен олар бойынша бағаларды көрсете отырып, оқу орнынан алынған құжат

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

3.1 Есенов университетінің атаулы шәкіртақылары мен сыйлықақылары білім алушылар мен жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ынталандыру, неғұрлым дарынды білім алушыларды тарту, қолдау және көтермелеу, сондай-ақ ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің ғылыми және шығармашылық мұрасын насихаттау мақсатында тағайындалады.

3.2 Есенов университетінде келесілер марапатталады

атаулы шәкіртақылар:

- Ш. Есенов атындағы;
- Ә. Кекілбаев атындағы;
- Қ. Сәтпаев атындағы;
- Ф. Оңғарсынова атындағы.

сыйлықақы:

- Жыл сайынғы Есенов форумының қорытындысы бойынша факультеттің үздік студенті;

- "Есенов университетінің үздік стартап жобасы" жобасының жеңімпазы;
- "Есенов Университетінің үздік жас ғалымы" байқауының жеңімпазы.

3.3 Есенов университетінің атаулы шәкіртақылары мен сыйлықақылары мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде, сондай-ақ ақылы негізде тек "үздік" (GPA орташа балы кемінде 3,5) оқитын күндізгі оқу бөлімінің 2-курс студенттеріне конкурстық негізде бір оқу

жылына қысқы сессияның қорытындысын растай отырып (бір семестр үшін орташа балл туралы анықтама) және екінші оқу жылынан бастап 1 семестр мерзімге магистранттарға беріледі.

3.4 Шәкіртақы және сыйлықақы білім алушылардың мынадай санаттарына тағайындалады:

- Республикалық және халықаралық олимпиадалардың, шығармашылық конкурстардың, спорттық жарыстардың, фестивальдардың жеңімпаздары немесе жаңалықтардың, өнертабыстардың (стартап) авторлары;
- Ғылыми еңбектер жинақтарында, республикалық және халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары барларға;
- Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысатындар, олардың жетістіктері дипломдармен, грамоталармен, сертификаттармен, куәліктермен расталған;
- Университеттің қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсенді қатысатындарға.

3.5 Шәкіртақы мен сыйлықақы мөлшері жыл сайын Есенов университетінің ғылыми кеңесінің шешімімен белгіленеді.

3.6 Шәкіртақы ай сайын, сыйлықақы – тиісті конкурстардың қорытындылары бойынша бір рет төленеді.

4. ШӘКІРТАҚЫ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ СЫЙЛЫҚАҚЫ БЕРУГЕ ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1 Шәкіртақы және/немесе сыйлықақы беру конкурсына қатысу үшін Есенов университетінде оқитын және жұмыс істейтін, қоса алғанда 35 жасқа дейінгі адамдар жіберіледі.

4.2 Шәкіртақыны және/немесе сыйлықақыны беруге үміткерлер мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс:

- үлгерімнің жалпы балы (GPA орташа балы кемінде 3.5);
- университеттің оқу, ғылыми және қоғамдық өміріне белсенді қатысу.

5. ҮМІТКЕРЛЕРДІ ІРІКТЕУ ТӘРТІБІ

5.1 Шәкіртақы және/немесе сыйлық беру арналған байқау оқу жылы аяқталғаннан кейін жарияланады.

5.2 Шәкіртақы және/немесе сыйлықақы беру үшін үміткерлер факультет (мектеп, академия) кеңесіне мынадай құжаттарды ұсынады:

- факультет (мектеп, академия) деканының дәлелді өтініші;
- оқудың барлық кезеңіндегі транскрипт;
- факультет кеңесінің хатшысы куәландырған жарияланымдар тізімі (авторлық куәліктер, баяндама тезистері, ғылыми және әдістемелік еңбектер);
- дипломдар, алғыс хаттар, сертификаттар, байқаулар мен жарыстар грамоталарының көшірмелері және т.б.

5.3 Факультет кеңесінің шешімімен үздік кандидаттарға шәкіртақы және/немесе сыйлық беріледі.

5.4 Шәкіртақылар және/немесе сыйлықақылар университет президент-ректорының бұйрығымен тағайындалады.

6. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

Осы Ереже бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және оның күші жойылғанға дейін қолданылады.